Құрылғыны қайта қосқан кезде оңтайлы температураға жету үшін 12 сағат қажет болуы мүмкін.

Құрылғыны өшірмес бұрын барлық тамақ өнімін алып шығарыңыз. Құрылғыны өшіру үшін электрлік қуат көзінің кабелін розеткадан суырыңыз.

#### Панельді бұғаттау/бұғаттан шығару

Автоматты бұғаттау: тоңазытқыш пен мұздатқыш камерасының есігі жабық болса және 30 секунд ішінде ешқандай әрекет болмаса, дисплей автоматты түрде сөніп, бұғатталады.

Қолмен бұғаттау: дисплей бұғаттан шығарылса, «K8» түймесін 3 секунд басып тұрыңыз. Содан кейін дыбыстық сигнал естіледі, «H» (панельді бұғаттау) индикаторы жанып, дисплей бұғатталады.

Бұғаттан шығару: дисплей экраны бұғатталған болса, «K8» түймесін 3 секунд басып тұрыңыз. Содан кейін дыбыстық сигнал естіледі, «H» (панельді бұғаттау) индикаторы жанып, дисплей бұғаттан шығарылады.

#### Температураны реттеу

Құрылғының ішіндегі температураға мынадай факторлар әсер етеді:

Қоршаған ортаның температурасы, есіктің ашылу жиілігі. Сақталатын тамақ өнімдерінің саны.

#### Тоңазытқыш бөліктегі температураны реттеу

Дисплей экраны бұғаттан шығарылғанда, «K8» (аймақты таңдау) түймесін басыңыз. Содан кейін дыбыстық сигнал естіледі, «E» (тоңазытқыш камерасын таңдау индикаторы) индикаторы жанып, тоңазытқыш камерасындағы температураны реттеу режимі қосылады.

«K4» (температураны реттеу түймесі «-») түймесін басыңыз. Осыдан кейін дыбыстық сигнал естіліп, тоңазытқыш камерасындағы температура 1-ге төмендейді. Түймені басқан сайын тоңазытқыш камерасындағы температура төмендейді: «9 °C->8 °C->7 °C->6 °C->5 °C->4 °C->3 °C->2 °C->1 °C».

«K5» (температураны реттеу түймесі «+») түймесін басыңыз. Осыдан кейін дыбыстық сигнал естіліп, тоңазытқыш камерасындағы температура 1-ге көтеріледі. Түймені басқан сайын тоңазытқыш камерасындағы температура көтеріледі: «1 °C->2 °C->3 °C->4 °C->5 °C->6 °C->7 °C->8 °C->9».



### ЕСКЕРТУ

Егер температураны 5 секундқа орнатқаннан кейін ешқандай әрекет жасалмаса, жүйе автоматты түрде таңдалған температураны бекітіп, сақтайды.

## Мұздатқыш камерасындағы температураны реттеу

Дисплей бұғаттан шығарылғанда, «К6» (аймақты таңдау) түймесін басыңыз. Содан кейін дыбыстық сигнал естіледі, «Е» (мұздатқыш камерасын таңдау индикаторы) индикаторы жанып, мұздатқыш камерасындағы температураны реттеу режимі қосылады.

«К» (температураны реттеу түймесі «-») түймесін басыңыз. Осыдан кейін дыбыстық сигнал естіліп, тоңазытқыш камерасындағы температура 1-ге төмендейді. Түймені басқан сайын мұздатқыш камерасындағы температура төмендейді: «-14 °C»->-15 °C->-16 °C->-17 °C ->-18 °C->-19 °C->-20 °C->-21 °C->-22 °C->-23 °C->-24 °C».

«К5» (температураны реттеу түймесі «+») түймесін басыңыз. Осыдан кейін дыбыстық сигнал естіліп, мұздатқыш камерасындағы температура 1-ге төмендейді. Түймені басқан сайын мұздатқыш камерасындағы температура жоғарылайды: «-24 °C»->-23 °C->-22 °C->-21 °C ->-20 °C->-19 °C->-18 °C->-17 °C->-16 °C->-15 °C->-14 °C».



### ЕСКЕРТУ

Егер температураны 5 секундқа орнатқаннан кейін ешқандай әрекет жасалмаса, жүйе автоматты түрде таңдалған температураны бекітіп, сақтайды.

## Holiday (Демалыс) режимі

1. Дисплей экраны бұғатталған шығарылғанда, «K7» (Holiday режимін таңдау түймесі) түймесін басыңыз. Осыдан кейін дыбыстық сигнал естіліп, «C» (Holiday режимі) индикаторы жанып, Holiday режимі қосылады.
2. Дисплей экраны бұғатталған шығарылғанда, «K7» (Holiday режимін таңдау түймесі) түймесін басыңыз. Осыдан кейін дыбыстық сигнал естіліп, «C» (Holiday режимі) индикаторы сөніп, Holiday режимі өшіріледі.



## ЕСКЕРТУ

1. Holiday режимі қысқа мерзімді сапарлар кезінде немесе шұғыл кету керек болғанда қолданылады. Бұл режимді қолданған кезде тоңазытқыш камерасын тамақ өнімдерінен босату керек.
2. Holiday режимінде тоңазытқыш камерасындағы температура шамамен 17 °C-қа дейін көтеріледі, сондықтан тамақ өнімдерінің бүлінуіне жол бермеу үшін оларды тоңазытқыш камерасынан алып тастау керек.

### **Super Cool (Қарқынды салқындату) режимі**

1. Бұғаттан шығарылған дисплейде «K2» (Super Cool режимін таңдау) түймесін басыңыз. Осыдан кейін дыбыстық сигнал естіледі, «B» (Super Cool режимі) индикаторы жанып, Super Cool режимі қосылады.
2. «B» (Super Cool режимі) индикаторы жанған кезде, «K2» (Super Cool режимін таңдау) түймесін басыңыз. Осыдан кейін дыбыстық сигнал естіледі, «O» (Super Cool режимі) индикаторы сөніп, Super Cool режимі өшіріледі.
3. Super Cool режимін қосқаннан кейін, тоңазытқыш белгіленген температура параметрлеріне жеткенде оны автоматты түрде өшіреді. Режимді қолмен өшіру үшін «K2» (Super Cool режимін таңдау) түймесін басыңыз.



### **ЕСКЕРТУ**

1. Super Cool режимі қосылып тұрғанда тоңазытқыш камерасында температураны реттеу мүмкін емес. Егер тоңазытқыштағы температураны реттеу үшін «K4» (температураны реттеу түймесі «-») немесе «K5» (температураны реттеу түймесі «+») түймесін бассаңыз, «B» индикаторында (Super Cool режимі) бұл операцияны орындау мүмкін емес екені туралы хабар шығады.
2. Super cool режимі қосылып тұрғанда, әртүрлі басқару режимдеріне байланысты автобаптау функциясын бір уақытта қосу мүмкін емес. Басқа функцияға қайшы келетін функцияны таңдағанда, бастапқы функция автоматты түрде өшеді.
3. Бұл режим 6 сағаттан кейін автоматты түрде өшеді.

### **Super Freeze (Қарқынды мұздату) режимі**

1. Бұғаттан шығарылған дисплейде «K3» (Super Freeze режимін таңдау) түймесін басыңыз. Осыдан кейін дыбыстық сигнал естіледі, «C» (Super Freeze режимі) индикаторы жанып, Super Freeze режимі қосылады.
2. «B» индикаторы (Super Freeze режимі) жанып тұрғанда, «K3» (Super Freeze режимін таңдау) түймесін басыңыз. Осыдан кейін дыбыстық сигнал естіледі, «C» (Super Freeze режимі) индикаторы сөніп, Super Freeze режимі өшіріледі.
3. Super Freeze режимін қосқаннан кейін, тоңазытқыш белгіленген температура параметрлеріне жеткенде оны автоматты түрде өшіреді. Режимді қолмен өшіру үшін «K3» (Super Freeze режимін таңдау) түймесін басыңыз.



## ЕСКЕПТУ



1. Super Freeze режимі қосылып тұрғанда мұздатқыш камерасында температураны реттеу мүмкін емес. Егер тоңазытқыштағы температураны реттеу үшін «K4» (температураны реттеу түймесі «-») түймесін немесе «K5» (температураны реттеу түймесі «+») түймесін бассаңыз, «С» индикаторында (Super Freeze режимі) бұл операцияны орындау мүмкін емес екені туралы хабар шығады.
2. Super Freeze режимі мұздатылған тамақ өнімінің қоректік құндылығын сақтауға арналған. Ол тамақ өнімдерін аса қызқа мерзімде мұздатуға (немесе бір уақытта көп тамақ өнімін мұздату қажет болса) мүмкіндік береді. Бұл ретте Super Freeze режимі мұздатқыш камерасында біршама төмен температура орнатылып, оған тамақ өнімдері салынғанға дейін 24 сағ бұрын қосылуы керек. Super Freeze режимі арқылы мұздатқыш камерасында тамақ өнімдерін мұздату жылдамдығы артады, олардың нәрлілігі сақталып, сақтау ыңғайлы болады.
3. Super Freeze режимі 50 сағаттан кейін автоматты түрде өшеді. Содан кейін құрылғы бұрын орнатылған температура бойынша жұмыс істейді.

**HUMIDITY ZONE контейнері**


Бұл контейнерде ылғалдылық деңгейі тоңазытқыш камерасының басқа аймақтарына қарағанда жоғары. Ылғалдылық автоматты түрде бақыланады. Контейнер жемістерді, көкөністерді, салат жапырақтарын және т.б. сақтау үшін жарайды.

**ЕСКЕРТУ**

1. Екі аймақ арасындағы пластмасса арақабырғаны алып тастамаңыз.
2. Ол ылғалды сақтауға көмектеседі.
3. Ананас, авокадо, банан, грейпфрут сияқты ылғалға сезімтал жемістерді осы екі контейнерде сақтамаған жөн.

**Көп ағынды салқындату жүйесі**

1. Тоңазытқыш көп ағынды салқындату жүйесімен жабдықталған, онда суық ауа форсункалары әр сөре деңгейінде орналасқан. Мұндайда тағамдарыңыздың балғындығын ұзақ уақыт сақтау үшін біркелкі температура сақталады.

**Реттелетін сөрелер**

1. Сөрелердің биіктігін сақтау қажеттіліктеріңізге қарай түзетуге болады.
2. Сөрені жылжыту үшін оны шығарыңыз. Ол үшін алдымен сөренің артқы шетін (1) көтеріп алып, сыртқа шығарып алыңыз (2).
3. Сөрені қайта орнына орнату үшін оны екі жағындағы ұстағыштарға орналастырып, сөренің артқы бөлігі камера қабырғаларындағы ойықтарға кірмейінше итеріңіз.


**ЕСКЕРТУ**

Сөренің қисайып кетпеуін қадағалаңыз.

## Жабдық

### Алмалы-салмалы есік сөрелері / Бетелкеге, банкаға, жұмыртқаға, майға арналған алмалы-салмалы есік сөрелері

1. Есік сөрелерін тазалау кезінде алып тастауға болады:
2. Сөрені екі жағынан қолыңызбен алып, жоғары көтеріңіз (1) және тартып шығарыңыз (2).
3. Сөрені орнына қою үшін жоғарыдағы қадамдарды кері ретпен орындаңыз.




### ЕСКЕРТУ

Құрылғыны қосқаннан кейін оңтайлы температураға жету үшін 12 сағат қажет болуы мүмкін.

### Алмалы-салмалы жылжымалы контейнер

1. Жылжымалы контейнерді алып тастау үшін оны өзіңізге қарай барынша тартып (1), көтеріңіз де алыңыз (2).
2. Контейнерді орнына қою үшін жоғарыдағы қадамдарды кері ретпен орындаңыз.



### Жарықтандыру

Есікті ашқан кезде, ішкі жарықдиодты жарықтандыру қосылады. Бұл — жарықтандыруды қосудың жалғыз жолы.



## Энергия үнемдеуге қатысты ұсыныстар

- ▶ Құрылғының жеткілікті желдетілгеніне көз жеткізіңіз («OPHATU» тарауын қараңыз).
- ▶ Құрылғыны тікелей күн сәулесі түсетін аумаққа немесе жылу көздеріне (мысалы, пештерге, жылытқыштарға) жақын орнатпаңыз.
- ▶ Құрылғының ішіндегі температура шамадан тыс төмен болуына жол бермеңіз. Орнатылған температура неғұрлым төмен болса, энергия шығыны соғұрлым жоғары болады.
- ▶ Super Freeze сияқты жұмыс режимдері көбірек энергия тұтынады.
- ▶ Құрылғыға жылы азық-түлікті салмас бұрын, оларды суытып алыңыз.
- ▶ Құрылғының есігін мүмкіндігінше сирек және мүмкіндігінше аз уақыт ашыңыз.
- ▶ Ауа айналымына кедергі келтірмеу үшін тоңазытқышты шамадан тыс толтырмаңыз.
- ▶ Айналып жатқан ауа тамақ өнімдерінің қаптамасының ішіне кірмеуін қадағалаңыз.
- ▶ Есік дұрыс жабылуы үшін, оның тығыздағышын таза ұстау керек.
- ▶ Мұздатылған тамақ өнімдерін тоңазытқыш камерасында ерітіңіз.
- ▶ Барынша энергия үнемдейтін конфигурацияда жылжымалы контейнерлер, тамақ өнімдеріне арналған контейнер және құрылғының сөрелері зауыттық орнату күйінде болуы, ал тамақ өнімдері ауа өткізгіштен ауа шығуына бөгет жасамай, одан мүмкіндігінше алыс орналасуы керек.

## 6. КҮТІМ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тазалау алдында құрылғыны қуат көзінен ажырату керек.

#### Тазалау

Құрылғыны ішінде тамақ өнімдері жоқ немесе дерлік жоқ кезде тазалау керек.

Қызмет көрсету және жағымсыз иістің пайда болуына жол бермеу үшін құрылғыны әр төрт апта сайын тазалау қажет.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Құрылғыны тазалау үшін қатты немесе сым щеткаларды, кір жуатын ұнтақты, бензинді, амилацетатты, ацетонды және ұқсас органикалық еріткіштерді, сондай-ақ қышқыл немесе сілтілі еріткіштерді пайдаланбаңыз. Құрылғыға зақым келтірмеу үшін оны арнайы жуғыш затпен тазалаңыз.
- ▶ Тазалау кезінде құрылғыға су шашпаңыз немесе оған су құймаңыз.
- ▶ Құрылғыны тазалау үшін су бүркімеңіз немесе буды пайдаланбаңыз.
- ▶ Суық шыны сөрелерді ыстық сумен жууға болмайды. Температураның кенет өзгеруінен шыны шытынап кетуі мүмкін.
- ▶ Мұздатқыш камерасының ішкі бетін ұстамаңыз, әсіресе оған ылғал қолды тигізбеңіз, себебі қол мұндай бетке жабысып қалуы мүмкін.
- ▶ Егер ерітілсе немесе температура жоғарыласа, мұздатылған өнімдердің күйін тексеріңіз.
- ▶ Есіктің тығыздағышын әрдайым таза ұстау керек.



▶ Құрылғының ішкі бөлігін және корпусын бейтарап жуғыш зат қосылған жылы су ерітіндісіне батырылған губкамен тазалаңыз.

▶ 1. Тоңазытқыштың ішкі және сыртқы беттерін, соның ішінде есік тығыздағышын, есік сөрелерін, шыны сөрелерді, контейнейлерді және т.б. жылы суға малынған жұмсақ шүберекпен немесе губкамен сүртіңіз (суға бейтарап жуғыш зат қосуға болады).

▶ 2. Егер сұйықтық төгілсе, ластанған заттардың барлығын алып тастаңыз, оларды су ағынының астында жуып, кептіріңіз және қайтадан тоңазытқышқа салыңыз.

- ▶ 3. Қою сүт өнімі (мысалы, кілегей, еріген балмұздақ) төгіліп кетсе, ластанған заттардың барлығын алып тастап, оларды шамамен 40 °C жылы суға біраз уақыт салу керек. Содан кейін ағынды сумен шайып, кептіріп, қайтадан тоңазытқышқа салу керек.
- ▶ 4. Тоңазытқыштың ішінде (сөрелер немесе жылжымалы контейнерлер арасында) ұсақ зат тұрып қалса, оны алу үшін кішкентай жұмсақ щетканы пайдаланыңыз. Егер затты шығара алмасаңыз, Naïег сервистік орталығына хабарласыңыз.
- ▶ Жуғыш затты жуып, жұмсақ шүберекпен құрғатып сүртіңіз.
- ▶ Құрылғының бөлшектерін ыдыс жуғыш машинада жууға болмайды.

- ▶ Құрылғыны қайта қоспас бұрын кем дегенде 5 минут күтіңіз, себебі жиі іске қосу компрессордың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

## Еріту

Тоңазытқыш пен мұздатқыш камерасын еріту автоматты түрде орындалады, қолмен басқару қажет емес.

## Жарықдиодты шамдарды ауыстыру



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жарықдиодты шамды өз бетіңізбен ауыстырмаңыз, оны тек өндіруші немесе сервистік орталықтың уәкілетті өкілі ауыстыра алады.

Жарық көзі ретінде жарықдиод қолданылады, ол энергияны аз тұтынумен және ұзақ қызмет мерзімімен сипатталады. Егер шамдардың жұмысында қандай да бір ауытқу болса, клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. «КЛИЕНТТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІ» тарауын қар.

Шамның сипаттамалары:

Тоңазытқыш камерасы: 12 В, макс 2 Вт

Мұздатқыш камерасы: 12 В, макс 2 Вт

## Құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланбау

Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз және Holiday режимін қосқыңыз келмесе:

Тамақ өнімдерін шығарыңыз.

Электрлік қуат көзінің кабелін ажыратыңыз.

Құрылғыны жоғарыда сипатталғандай тазалаңыз.

Ішінде жағымсыз иістердің пайда болуына жол бермеу үшін үшін есікті жаппаңыз.



### ЕСКЕРТУ

Құрылғыны аса қажет болған жағдайда ғана өшіріңіз.

## Құрылғыны жылжыту

1. Барлық тамақ өнімін шығарып, ашаны розеткадан суырыңыз.
2. Тоңазытқыш пен мұздатқыш камераларындағы серелер мен басқа қозғалмалы бөлшектерді жабысқақ таспамен бекітіңіз.
3. Салқындату жүйесіне зақым келтірмеу үшін тоңазытқышты 45°-тан артық еңкейтпеңіз.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Құрылғыны тұтқаларынан ұстап көтермеңіз.
- ▶ Құрылғыны жерге ешқашан көлденең қоймаңыз.

## 7. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Туындаған мәселелердің көпшілігінің шешімін пайдаланушы арнайы тәжірибесі болмаса да өз бетінше таба алады. Ақаулық туындаған жағдайда, көрсетілген барлық себепті тексеріп, сервистік қызметке жүгінгенге дейін төмендегі нұсқауларды орындаңыз. «КЛИЕНТТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІ» тарауын қар.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Техникалық қызмет көрсетуді жүргізер алдында құрылғыны өшіріп, электрлік қуат көзі кабелінің ашасын розеткадан ажыратыңыз.
- ▶ Электр жабдығына қызмет көрсетуді тек білікті электриктер ғана жүргізуі керек, өйткені дұрыс емес жөндеу кейіннен айтарлықтай зақым келтіруі мүмкін.
- ▶ Қауіпті болдырмау үшін зақымдалған жабдықты тек өндіруші, өндірушінің сервистік орталығының өкілі немесе ұқсас біліктілікке ие маман ауыстыруы керек.

| Ақаулық  | Ықтимал себебі  | Ықтимал шешімі  |
|--|---|---|
| Компрессор жұмыс істемейді.                                    | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қуат көзінің ашасы розеткаға қосылмаған.</li> <li>• Құрылғы еріту циклінде тұр.</li> </ul>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ашаны розеткаға салыңыз.</li> <li>• Бұл — автоматты еріту үшін қалыпты нәрсе.</li> </ul>   |
| Құрылғы жиі қосылады немесе өте ұзақ уақыт бойы жұмыс істейді. | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ішіндегі немесе сыртындағы температура тым жоғары.</li> <li>• Құрылғы біраз уақыт бойы өшірулі болды.</li> <li>• Құрылғының есігі мықтап жабылмаған.</li> <li>• Есік тым жиі ашылып жүрді немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалып отырды.</li> <li>• Мұздатқыш камерасында тым төмен температура орнатылған.</li> <li>• Есіктің тығыздағышы ластанған, тозған, жарылған немесе біркелкі орнатылмаған.</li> <li>• Қажетті ауа айналымы қамтамасыз етілмеген.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бұл жағдайда құрылғының ұзақ жұмыс істеуі қалыпты саналады.</li> <li>• Әдетте құрылғыны толығымен салқындату үшін 8-ден 12 сағатқа дейін уақыт кетеді.</li> <li>• Есікті/жылжымалы контейнерді жабыңыз және құрылғының тегіс бетте орналасқанын, сондай-ақ өнімдер мен контейнерлердің есікті жабуға кедергі келтірмейтінін тексеріңіз.</li> <li>• Есікті/жылжымалы контейнерді тым жиі аша бермеңіз.</li> <li>• Қанағаттанарлық температураға жеткенше жоғары температураны орнатыңыз. Тоңазытқыштың тұрақты температурасын қамтамасыз ету үшін 24 сағат қажет.</li> <li>• Есіктің/жылжымалы контейнердің тығыздағышын тазалаңыз немесе клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласып, ауыстырыңыз.</li> <li>• Жеткілікті желдетуді қамтамасыз етіңіз.</li> </ul> |

| Ақаулық   | Ықтимал себебі   | Ықтимал шешімі   |
|---|--|--|
| Тоңазытқыштың ішкі бөлігі ластанған және (немесе) онда иіс шығады.                        | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тоңазытқыштың ішкі бөлігін жуып-тазарту керек.</li> <li>• Тоңазытқышта иісі күшті тамақ өнімі сақталады.</li> </ul>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тоңазытқыштың ішкі бетін тазалаңыз.</li> <li>• Тамақ өнімін мұқият ораңыз.</li> </ul>   |
| Құрылғының ішінде температура жеткілікті түрде төмен емес.                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тым жоғары температура мәні орнатылған.</li> <li>• Тоңазытқышқа тым жылы тағамдар салынған.</li> <li>• Бір уақытта тым көп тамақ өнімі сақталады.</li> <li>• Тамақ өнімдері бір-біріне тым жақын орналастырылған.</li> <li>• Құрылғының есігі/ жылжымалы контейнері мықтап жабылмаған.</li> <li>• Есік/жылжымалы контейнер тым жиі ашылған немесе ұзақ уақыт бойы ашық тұрған.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Температураны реттеңіз.</li> <li>• Тамақ өнімдерін сақтауға қоймас бұрын, оларды әрдайым суытыңыз.</li> <li>• Тоңазытқышқа тым көп тамақ өнімін сақтамаңыз.</li> <li>• Ауа ағынын қамтамасыз ету үшін бірнеше өнімнің арасында бос орын қалдырыңыз.</li> <li>• Есікті/жылжымалы контейнерді жабыңыз.</li> <li>• Есікті/жылжымалы контейнерді тым жиі аша бермеңіз.</li> </ul> |
| Құрылғының ішінде температура тым төмен.  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тым төмен температура мәні орнатылған.</li> <li>• Super Freeze/Super Cool режимі қосулы немесе тым ұзақ жұмыс істеп жатыр.</li> </ul>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Температураны реттеңіз.</li> <li>• Super Freeze/Super Cool режимін өшіріңіз.</li> </ul>   |
| Тоңазытқыш камерасының ішкі беттерінде ылғал пайда болады.                                | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Климат тым жылы және ылғалды.</li> <li>• Құрылғының есігі/ жылжымалы контейнері мықтап жабылмаған.</li> <li>• Есік/жылжымалы контейнер тым жиі ашылған немесе ұзақ уақыт бойы ашық тұрған.</li> <li>• Тамақ өнімдеріне немесе сұйықтықтарға арналған контейнерлер ашық қалдырылған.</li> </ul>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Аса жоғары температураны орнатыңыз.</li> <li>• Есікті/жылжымалы контейнерді жабыңыз.</li> <li>• Есікті/жылжымалы контейнерді тым жиі аша бермеңіз.</li> <li>• Ыстық тағамдарды бөлме температурасына дейін суытыңыз, тамақ пен сұйықтық салынған контейнерлерді жабыңыз.</li> </ul>   |
| Тоңазытқыштың сыртқы бетінде немесе есіктер (есік) мен контейнер арасында ылғал жиналады. | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Климат тым жылы және ылғалды.</li> <li>• Есік мықтап жабылмаған. Құрылғының ішіндегі суық ауа мен сыртындағы жылы ауаның әсерінен конденсация пайда болады.</li> </ul>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бұл — ылғалды климатта қалыпты жағдай. Ылғалдылық төмендегенде, конденсация азаяды.</li> <li>• Есіктің/жылжымалы контейнердің мықтап жабылғанына көз жеткізіңіз.</li> </ul>   |

| Ақаулық  | Ықтимал себебі   | Ықтимал шешімі  |
|--|--|---|
| Дисплей тоңазытқыштың жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді, бірақ салқындату болып жатқан жоқ.                   | <ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғы көрсету режимінде тұр.</li> </ul>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>Оның қандай режимде екеніне назар аударыңыз. Егер құрылғы көрсету режимінде тұрса, оны өшіріңіз. Өшіру әдісі: тоңазытқышты қосқан соң 12 сағаттан кейін есікті ашыңыз, бұғатталған күйде оң жақтағы екінші түймені 8 секунд басып тұрыңыз.</li> </ul>  |
| Мұздатқыш камерасында мұз бен қырау көп.   | <ul style="list-style-type: none"> <li>Тағамдар тиісті түрде қапталмаған</li> <li>Құрылғының есігі/ жылжымалы контейнері мықтап жабылмаған.</li> <li>Есік/жылжымалы контейнер тым жиі ашылған немесе ұзақ уақыт бойы ашық тұрған.</li> <li>Есіктің/контейнердің тығыздағышы ластанған, тозған, жарылған немесе біркелкі орнатылмаған.</li> <li>Есіктің/жылжымалы контейнердің дұрыс жабылуына ішінен бір нәрсе кедергі келтіреді.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>Тамақ өнімдерін мұқият ораңыз.</li> <li>Есікті/жылжымалы контейнерді жабыңыз.</li> <li>Есікті/жылжымалы контейнерді тым жиі аша бермеңіз.</li> <li>Есіктің/жылжымалы контейнердің тығыздағышын жуыңыз немесе ауыстырыңыз.</li> <li>Есікті не контейнерді жабу үшін ішкі сөрелерді, есік сөрелерін немесе ішкі контейнерлерді қайта ауыстырып қойыңыз.</li> </ul> |
| Корпустың бүйір жағы мен есік тақтасы қызады.  | <ul style="list-style-type: none"> <li>-</li> </ul>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>Бұл — қалыпты жағдай.</li> </ul>   |
| Пайдалану барысында құрылғы оған тән емес дыбыстар шығарады.   | <ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғы тегіс емес жерде орналасқан.</li> <li>Құрылғы жақын орналасқан қандай да бір затқа тиеді.</li> </ul>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғыны туралау үшін аяқтарды реттеңіз.</li> <li>Заттарды тоңазытқыштан жылжытып қойыңыз.</li> </ul>   |
| Ағып жатқан судың дыбысына ұқсас әлсіз дыбыс естіледі.   | <ul style="list-style-type: none"> <li>-</li> </ul>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>Бұл — қалыпты жағдай.</li> </ul>   |
| Дыбыстық сигнал естіледі. Әлсіз гуіл естіледі. Ішкі жарықтандыру немесе салқындату жүйесі жұмыс істемейді. | <ul style="list-style-type: none"> <li>Тоңазытқыштың есігі ашық.</li> <li>Конденсаттың пайда болуынан қорғау жүйесі жұмыс істейді.</li> <li>Қуат көзінің ашасы розеткаға қосылмаған.</li> <li>Қуат көзі ақаулы.</li> <li>Жарықдиодты шам істен шықты.</li> </ul>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>Есікті жабыңыз.</li> <li>Бұның нәтижесінде конденсат пайда болмайды және бұл — қалыпты жағдай.</li> <li>Ашаны розеткаға салыңыз.</li> <li>Орынжайға электр қуатын беруді тексеріңіз. Жергілікті электрэнергетикалық компанияға қоңырау шалыңыз.</li> <li>Шамды ауыстыру үшін қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.</li> </ul>                                   |

### **Электр қуатын беру кезіндегі үзілістер**

Электр энергиясы өшкен жағдайда, тамақ өнімдері шамамен 5 сағат кепілдікті түрде суық күйде қалады. Ұзақ уақыт бойы электр қуат көзін өшіру кезінде, әсіресе жазда, төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

- ▶ Есікті немесе жылжымалы контейнерді мейлінше сирек ашыңыз.
- ▶ Егер электр энергиясын беру тоқтатылса, құрылғыға қосымша азық-түлік орналастырмаңыз.
- ▶ Электр энергиясын өшіру туралы алдын ала хабарландыру беріліп, ал электр энергиясын беруді тоқтату ұзақтығы 5 сағаттан асса, кішкене мұз ерітіп, оны тоңазытқыш камерасының жоғарғы бөлігіндегі контейнерге салыңыз.
- ▶ Энергия беру тоқтатыла салысымен тамақ өнімдерін тексеру қажет.
- ▶ Тоңазытқыштағы температура энергия беруді тоқтату немесе басқа іркілістер кезінде көтерілгеніне қарай, өнімдерді сақтау мерзімі мен тағамдық сапа төмендейді. Денсаулыққа қауіп төнбес үшін еріген өнімдерді тамаққа қолдану немесе пісіру керек. Қажет болған жағдайда көп ұзамай қайта мұздату қажет.

### **Электр энергиясын беруді тоқтатқан кездегі жад функциясы**

Электр энергиясын беру қалпына келтірілгеннен кейін, құрылғы қуат көзі өшкенге дейін орнатылған баптаулармен жұмысын жалғастырады.

## Кепілдікті шарттар

### Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы жасаған таңдауыңыз үшін алғыс білдіреді, осы құрылғыны пайдалану ережелерін сақталған жағдайда, оның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс істеуіне кепілдік береді. Тұрмыста пайдалануға арналған тұрмыстық техника бұйымдарының ресми қызмет мерзімі: микротолқынды пештер — 5 жыл, шаңсорғыштар — 4 жыл, қалған тауарлар — бұйымды түпкі тұтынушыға берген күннен бастап 7 жыл. Бұйымның жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет мерзімі ресми мерзімнен едәуір асуы мүмкін. Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін, профилактикалық жұмыстарды жүргізу және ұсыныстар алу үшін уәкілетті сервистік орталыққа хабарласуды ұсынамыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып дайындалған және Еуразиялық экономикалық (кеден) одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Түсінбестікті болдырмау үшін сатып алған кезде пайдалану құжаттамасын, кепілдікті міндеттемелердің шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Бұл құрылғы техникалық жағынан күрделі тұрмыстық тауар болып табылады. Егер сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және қосылуды қажет етсе, Haier уәкілетті сервистік орталығына хабарласуға кеңес береміз.

Haier корпорациясы бұйымда кемшіліктер анықталған жағдайда, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы қолданыстағы заңнамада, басқа да нормативтік актілерде белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру бойынша міндеттемелерді қабылдайтындығын растайды. Алайда Haier корпорациясы төменде жазылған шарттар сақталмаса, бұйымға кепілдікті қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

### Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Haier корпорациясы тауар тұтынушыға табыс етілген күннен бастап 12 ай\* кепілдік мерзімді орнатады. Бұқтимал түсініспеушіліктерді болдырмау үшін құрылғыны сату кезінде қоса берілген құжаттарды (тауар чеги, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) қызмет мерзімі ішінде сақтаңыз.

Кепілдікті қызмет көрсетуді Haier уәкілетті сервистік орталықтары ғана жүзеге асырады. Уәкілетті сервистік орталықтардың толық тізімін Haier ақпараттық орталығынан мына телефондар арқылы біле аласыз:

**8 (800) 070-01-29** — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе сайтта: <https://haieronline.kz/> немесе электрондық пошта арқылы сұрау салу арқылы: [help@haieronline.kz](mailto:help@haieronline.kz).

Уәкілетті сервистік орталықтардың деректері өзгеруі мүмкін, анықтама алу үшін Haier ақпараттық орталығына хабарласыңыз.

### Кепілдікті қызмет көрсету ақаулары мыналарға байланысты туындаған бұйымдарға қолданылмайды:

- тұтынушының тауарларды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзуы;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе қоспау;
- құжатпен расталған тиісті біліктілігі жоқ адамдарды бұйымды монтаждауға тарту сияқты тоназытқыш контурымен және электр қосылымдарымен жұмыс істеу технологиясын бұзу;
- пайдалану құжаттамасында талап етілген жағдайда, бұйымға уақытылы техникалық қызмет көрсетілмеуі;
- сұққыр желісіндегі артық және жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы типіне сәйкес келмейтін жуғыш заттарды қолдану, сондай-ақ жуғыш заттардың ұсынылған мөлшерінен асып кетуі;
- бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдалану;
- үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері: уәкілетті емес тұлғалардың дайындаушы рұқсат етпеген жөндеу жүргізуі немесе конструктивті не сұлбатехникалық өзгерістер енгізуі.
- қуат беру желілерінің стандарттары мен нормаларынан ауытқу;
- еңсерілмейтін күш әсерлері (апат, өрт, найзағай және т. б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- бұйым ішіне бөгде заттар, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндік қалдықтарының түсуінен болатын зақымдар анықталса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған/толық толтырылмаған бағын қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

### Кепілдікті қызмет көрсету мынадай жұмыс түрлеріне қолданылмайды:

- бұйымды пайдалану орнында орнату және қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану бойынша нұсқау және кеңес беру;
- бұйымды сыртынан немесе ішінен тазалау.

### Кепілдікті қызмет көрсетуге төменде келтірілген шығын материалдары мен аксессуарлары жатпайды:

- кондиционерге арналған сүзгілер;
- кір жуғыш және ыдыс жуғыш машиналарға арналған сүзгілер, суды жеткізуге/төуге арналған құбыршектер;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, шеткалар, саптамалар, шаң жинағыштар, сүзгілер;
- тәрелкелер, істіктер, торлар, табақшалар және қысқа толқынды пештерге арналған тұғырықтар;
- сүзгілер, иіс сіңіргіштер, шамдар, сөрелер, контейнерлер, тұғырықтар және азық-түлікті тоназытқыштарда сақтауға арналған басқа да ыдыстар;
- басқару пультері, аккумуляторлық батареялар, қуат көзінің элементтері, сыртқы қуат блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша ақыға жүргізіледі.

**Маңызды!** Аспапта сериялық нөмірдің болмауы дайындаушы үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тәжірибелерін алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тәжірибелердің бұлінуі немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерді орындаудан бас тартуға әкелуі мүмкін.

\*Кір жуғыш/кепітіргіш/ыдыс жуғыш машинаның инверторлық қозғалтқышына, тоназытқыштың/мұздатқыштың инверторлық компрессорына, кептіргіш машинаның компрессорына кепілдік мерзімі — тауар тұтынушыға берілген күннен бастап 12 жыл. Тікелей жетекті (статор, ротор) кір жуғыш/кепітіргіш машинаның қозғалтқышына өмір бойғы кепілдік беріледі.

## Клиенттерге қолдау көрсету қызметі

Біз Haier компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер тұрмыстық техникаңызда мәселелер туындаса, алдымен «Ақаулықтарды жою» тарауын оқып шығыңыз.

Мәселенің шешімін таба алмасаңыз, мыналарға хабарласыңыз:

— ресми дилеріңізге немесе

— колл-орталымызға:

8 (800) 070-01-29 (ҚР),

— <https://haieronline.kz/> сайтына, онда қызмет көрсетуге өтініш қалдыра аласыз, сонымен қатар жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз. Біздің сервистік орталығымызға хабарласа отырып, паспорт тақтайшасында және чекте табуға болатын мынадай ақпаратты дайындаңыз:

Моделі \_\_\_\_\_

Сериялық нөмірі \_\_\_\_\_

Сатылған күні \_\_\_\_\_



Сондай-ақ кепілдік пен сатылғаны туралы құжаттардың бар-жоғын тексеріңіз.

Маңызды! Кептіру машинасында сериялық нөмірдің болмауы өндіруші үшін кептіру машинасын сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Кептіру машинасынан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдікті міндеттемелерді орындаудан бас тартуға әкелуі мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші қосымша ескертусіз құрылғы конструкциясы мен жиынтықтамасына өзгерістер енгізу құқығына өзіне қалдырады.

Өнім Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Сәйкестік сертификаты № EAЭС RU C-CN.AЯ46.B.39110/25 07.02.2025 бастап 06.02.2030 дейін әрекет етеді;

Сәйкестік туралы декларация № EAЭС N RU Д-CN.PA01.B. 73646/25 06.02.2025 бастап 05.02.2030 дейін әрекет етеді.

Толық мәліметтер Еуразиялық экономикалық одақтың берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларацияларының бірыңғай тізілімінде көрсетілген.

## 8. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Техникалық сипаттамалары

| Маркасы  | Haier          |                |             |
|--|----------------|----------------|-------------|
| Модель атауы/идентификатор                       | HBCN5177U1     | HBCN 5190U1    | HBCN 7190U1 |
| Модель санаты                                    | Нұсқаулық      | Нұсқаулық      |             |
| Энергиятиімділік класы                           | A+             | A+             |             |
| Электр энергиясын жылдық тұтыну (кВт·сағ/жыл)(1) | 240            | 245            | 310         |
| Жалпы көлемі (л)                                 | 238            | 270            | 369         |
| Тоңазытқыш камерасының көлемі (л)                | 177            | 209            | 282         |
| Мұздатқыш камерасының көлемі (л)                 | 61             | 61             | 87          |
| Тоңазыту класы                                   |                |                |             |
| Total No Frost                                   | Иә             | Иә             |             |
| Мұздатқыш камерасының өнімділігі (кг/24 сағ)     | 8              | 8              | 12          |
| Климаттық класы (2)                              | SN/N/ST/T      | SN/N/ST/T      |             |
| Шу деңгейі дБ(A)                                 | 35             | 35             | 33          |
| Температураға жету уақыты (сағ)                  | 12             | 12             |             |
| Құрылғы типі                                     | Кіріктірілетін | Кіріктірілетін |             |
| Тұтынылатын еріту қуаты (Вт)                     | 220            | 220            | 180         |
| Жылыту жүйелерінің тұтынатын қуаты (Вт)          | 230            | 230            |             |
| Қорғаныш класы                                   | I              | I              |             |

Түсініктеме:

1. Стандарттарға сәйкестігін сынау нәтижелері бойынша 24 сағат ішінде. Нақты тұтыну құрылғының қолданылуы мен орналасуына байланысты.
2. SN климаттық класы: құрылғы +10 °С-тан +32 °С-қа дейінгі қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған

N климаттық класы: құрылғы +16 °С-тан +32 °С-қа дейінгі қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған

ST климаттық класы: құрылғы +16 °С-тан +38 °С-қа дейінгі қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған

T климаттық класы: құрылғы +16 °С-тан +43 °С-қа дейінгі қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған

### Қосымша техникалық сипаттамалар

|                               |                          |
|-------------------------------|--------------------------|
| Номиналды кернеу/жиілік       | 220-240 В / 50 Гц        |
| Номиналды ток (А)             | 1,3 / 1,6                |
| Сақтандырғыш тогы (А)         | 16                       |
| Тоңазытқыш агент              | R600a (42 г)             |
| Өлшемдері (Е/Т/Б, мм)         | HBCN5177U1: 540/550/1772 |
| Өлшемдері (Е/Т/Б, мм)         | HBCN5190U1: 540/550/1935 |
| Өлшемдері (Е/Т/Б, мм)         | HBCN7190U1: 690/550/1935 |
| Таза салмағы, HBCN5177U1 (кг) | 57 кг                    |
| Таза салмағы, HBCN5190U1 (кг) | 60 кг                    |
| Таза салмағы, HBCN5190U1 (кг) | 78 кг                    |
| Компрессор                    | Инвертор                 |

## Кіріктірілген тоңазытқышты Wi-Fi желісіне қосу

Тоңазытқышты Wi-Fi желісіне қосыңыз, сонда мобильді қолданбаның көмегімен қашықтан басқару мүмкіндігін пайдалана аласыз.

Бұл үшін:


3. Evo қолданбасын жүктеп алыңыз.



*Бірнеше маңызды кеңес:*

- ▶ *Үйдегі Wi-Fi желісінің жиілігі 2,4 ГГц екеніне көз жеткізіңіз. Мұны роутеріңіздің баптауы арқылы тексеруге болады.*
- ▶ *Смартфоныңызда Bluetooth және геолокацияны анықтау функциясы қосылғанын-қосылмағанын тексеріңіз.*
- ▶ *Қосылатын құрылғының желіңіздің қамту аймағында екеніне көз жеткізіңіз.*
- ▶ *Қосылатын құрылғыға жақындаңыз.*

2. Смартфонда evo қолданбасын ашып, жаңа есептік жазба жасаңыз немесе авторизациядан өтіңіз.

3. Бұғаттау түймесін  үш секунд басып тұру арқылы тоңазытқышты бұғаттан шығарыңыз.

4. Басқару панеліндегі Wi-Fi түймесін  үш секунд басып тұрып, тоңазытқышты жұптау режиміне көшіріңіз. Содан кейін дисплейде Wi-Fi индикаторы  жыпылықтауы керек, ал қолданба құрылғыңызды тауып, анықтайды.

5. Келесі қадамда evo қолданбасындағы «Үй» тарауына өтіп, «Құрылғы қосу» түймесін немесе жоғарғы оң жақ бұрыштағы «+» түймесін басыңыз. Қосылатын құрылғы іздеу тізімінде көрсетіледі, сонда оны таңдаңыз.



6. Баптауды аяқтау үшін нұсқауларды орындаңыз.

*\*Wi-Fi функциясын, сондай-ақ мобильді қолданбаны барлық аймақта (елде) бірдей қосу және пайдалану мүмкін емес.*

*Wi-Fi функциясын, сондай-ақ мобильді қолданбаны өз аймағыңызда (еліңізде) қосу және пайдалану мүмкіндігін сатушыдан (уәкілетті ұйымнан) нақтылап сұраңыз.*

# Haier

RU

**Изготовитель:**

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

**Уполномоченная организация / импортер:**

ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601.

**Уполномоченная организация в Республике Казахстан:**

ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.

**Сделано в Китае**

KZ

**Өндіруші:**

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Рум S401, Хайер бренд билдин г, Хайер индастри парк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

**Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы:**

«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

**Қытайда жасалған**

